

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан)**

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанаты
(Қазақстан)**

**Низами атындағы Өзбекстан ұлттық
педагогикалық университеті (Өзбекстан)**

Ош мемлекеттік университеті (Қырғызстан)

Данғара мемлекеттік университеті (Тәжікстан)

**Сейтназар Сейди атындағы Түрікмен мемлекеттік
педагогикалық институты (Түрікменстан)**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:
«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA:
DEVELOPMENT PATHS AND PROSPECTS»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ:
«ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

Астана қаласы
28 мамыр 2025 ж.

УДК 159.9
ББК 88.3
О-72
ISBN 978-601-08-5194-8

Рецензенты:

Перленбетов Мухан Атенович - доктор психологических наук, профессор. Президент "Казахского психологического общества", Академик Казахстанской национальной академии естественных наук

Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна - доктор педагогических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Организационный комитет

Председатель: Сыдыков Ерлан Батташевич - Председатель Правления – ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук, академик НАН РК, профессор

Сопредседатель: Каримова Шолпан Танатовна - Секретарь партии «AMANAT»

Заместители председателя, Сопредседатели Женского крыла партии «AMANAT»:

Мусралимова Айна Ермаковна - Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Шаукенова Зарема Каукеновна - Академик НАН РК, доктор социологических наук, профессор

Куантаев Нуржан Куантайұлы - Декан факультета журналистики и социальных наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, доцент

Оргкомитет:

Мамбеталина Алия Сактагановна - Заведующая кафедрой психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор

Умарова Навбахор Шокировна - Заведующая кафедрой практической психологии Национального педагогического университета Узбекистана имени Низами, доктор психологических наук, доцент (г. Ташкент, Узбекистан)

Гафурова Дилором Джаборовна - Заведующая кафедрой педагогики и психологии Дангаринского государственного университета, доцент, кандидат педагогических наук (г. Дангара Таджикистан)

Жолдошева Акчач Олмасовна - Профессор кафедры психологии Ошского государственного университета, доктор психологических наук (г. Ош, Кыргызстан)

Муратова Сахрагуль Бабаниязовна - Заведующая кафедрой психологии Туркменского государственного педагогического института имени Сейитназара Сейди, Туркменабат Туркменистан

Члены оргкомитета, редакционная коллегия: Рыскулова М.М., Абенова С.У., Менлибекова Г.Ж., Джексембаева Г.С., Тусупбекова Б.С., Гитихмаева Л.М., Токатлыгыль Ю.С., Айтышева А.М., Ганиева Г.Х., Нагымжанова К.М., Уталиева Ж.Т., Абдыкаликова М.Н., Мандыкаева А.Р., Шнайдер Д.Ж., Умирзакова А.М., Айкинбаева Г.К., Байжуманова Б.Ш., Бекеева Г.С., Карибаева Г.М., Аубакирова Ж.К., Нурадинов А.С., Құнанбаева М.Н.

ISBN 978-601-08-5194-8

Все статьи публикуются в авторской редакции
Барлық мақалалар авторлық нұсқада жарияланған
All articles are published in the author's version

Жинаққа «ОРТА АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. 28.05.2025 ж, «KazServicePrintLTD» ЖШС Астана қ. - 780 бет

The collection includes materials from the International Scientific and Practical Conference: "PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA: PATHS AND PROSPECTS FOR DEVELOPMENT." May 28, 2025, «KazServicePrintLTD» LLP, Astana - 780 pages.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции: «ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ». 28.05.2025, ТОО «KazServicePrintLTD» г. Астана - 780 стр.

Настоящий сборник составлен по материалам международной научно-практической конференции «Психология в Центральной Азии: пути и перспективы развития», состоявшейся 28 мая 2025 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Цель конференции - обмен научными знаниями и практическим опытом в области психологии, обсуждение актуальных вопросов психологической науки и образования в странах Центральной Азии, а также развитие академических и профессиональных связей между специалистами.

Сборник адресован научным и педагогическим работникам, ведущим теоретические и прикладные исследования в области психологии, практикующим специалистам, работающим с различными категориями населения, а также представителям смежных сфер. Особое место в целевой аудитории сборника занимают молодые учёные, студенты, магистранты и докторанты, для которых представленные материалы могут служить ценным ресурсом в научной, учебной и практической деятельности.

Материалы публикуются в авторской редакции, редколлегия не несёт ответственность за содержание авторских материалов.

III

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ
ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ**

**СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ
ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ
ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**CURRENT TRENDS IN PSYCHOLOGICAL
SUPPORT OF INCLUSIVE EDUCATION**

Қазақстандық тәжірибе қазіргі таңда қарқынды дамып келеді, алайда халықаралық стандарттармен ұштастыру арқылы оның тиімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық агенттігі. (2023). Қазақстандағы сөйлеу бұзылыстары бойынша статистика.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2022). Инклюзивті білім беру саясатының дамуы.
3. Выготский, Л. С. (1934). Мышление и речь. Москва: Социально-экономическое издательство.
4. Леонтьев, А. Н. (1975). Деятельность. Сознание. Личность. Москва: Политиздат.
5. Эльконин, Д. Б. (1960). Психология игры. Москва: Просвещение.
6. Кольцова, М. М. (1973). Нейрофизиологические основы речи. Ленинград: Наука.
7. Мандыкаева А.Р., Сарманова А.Т. Психологическая готовность детей к школе с нарушениями речи // SUN'TY INTELLEKT VA TA'LIM: MUAMMOLAR, IMKONIYATLAR VA ISTIQBOLLAR. – Tashkent: University of Innovation Technologies, 2025. – С. 122–125.
8. Рубинштейн, С. Л. (1989). Основы общей психологии. Москва: Педагогика.
9. OECD. (2023). Kielikoulu: A Finnish Approach to Speech Development. OECD Education Working Papers, No. 215.
10. UNESCO. (2023). Sprache & Schule: Innovations in Inclusive Education. UNESCO Policy Brief, No. 98.
11. Canadian Language Initiative. (2022). Language Express: Supporting Speech Development in Canada. National Education Report.
12. Hervás-Torres, M. (2025). Storytelling as a Method for Speech Development in Preschool Children. Journal of Early Childhood Education, 32(1), 45-62.
13. Valls-Ratés, R. (2025). Inclusive Games in Speech Therapy for Children with Speech Disorders. International Journal of Speech and Language Pathology, 29(3), 75-88.
14. Hunter, L. (2025). Smart Beginnings: Parental Engagement in Early Speech Development. Child Development Journal, 27(2), 102-119.
15. Azizovna, S. (2025). Educational Cluster: Innovations in Speech Therapy. Journal of Educational Innovation, 14(4), 123-137.

УДК 159.922.76

Сенсорлық интеграция әдісі инклюзивті білім берудегі психологиялық сүйемелдеудің құрамдас бөлігі ретінде

ТУРМАНОВА Ж.Е.

Психология ББ 2 курс PhD докторанты

turmanova74@mail.ru

Ғылыми жетекшісі — Рыскулова М.М.

Педагогика ғылымдарының кандидаты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың

тиімді құралы ретінде сенсорлық интеграция әдісі қарастырылады. Оның адаптивті мінез-құлықты, эмоционалды әл-ауқатты және когнитивті дамуды қалыптастырудағы маңызы ерекше атап өтіледі. Инклюзивті тәсілді жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің тәжірибесіне сенсорлық интеграцияны енгізудің өзектілігі мен сенсорлық интеграция әдістемесін қолданудағы психолог маманының құзыреті негізделген. Психологтың сенсорлық интеграция әдістемесін қолданудағы құзыреті түзету шараларын тиімді диагностикалау, жоспарлау және жүзеге асыру үшін қажетті теориялық білімді де, практикалық дағдыларды да қамтиды. Осы құзыреттің негізгі компоненттері ұсынылады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, сенсорлық интеграция, психологиялық сүйемелдеу, психологиялық құзыреттілік, сенсорлық жүйелер

Қазіргі білім беру жүйесі балалардың психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған инклюзивті оқыту қағидаттарын белсенді енгізу процестерін бастан кешуде. Сондай-ақ ерекше білімді қажет ететін балаларды білім беру кеңістігіне біріктіруге ықпал ететін, олардың дамуы мен бейімделуіне қолдау көрсететін әдістерді қолдану ерекше маңызға ие. Перспективалы және сұранысқа ие әдістердің бірі - сенсорлық интеграция әдісі.

Сенсорлық интеграция – бұл сыртқы ортадан келетін сенсорлық (атап айтқанда, көру, есту, иіс, дәм, жанасу, сипап-сезу, тепе-теңдік, дене қозғалысы) ақпаратты өңдеп, оған тиісті жауап берудегі мидың қабілеті [1].

Балаларда бұл жүйе толық қалыптаспаған немесе тиісті дәрежеде қызмет атқармайтын жағдайда мінез-құлықта, оқуда және әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтар туындауы мүмкін. Педагогикалық және психологиялық жағынан бұл тақырып аса маңызды, өйткені баланың оқуы мен дамуына қатысты сұрақтар туындайды. Демек, сенсорлық интеграция - бұл мидың дененің тиімді реакцияларын қамтамасыз ететін және эмоциялар мен мінез-құлықтарды қалыптастыратын сенсорлық сигналдарды ұйымдастыру жүйесі болып табылады.

Алғаш рет сенсорлық интеграцияны (СИ) 1972 жылы Энн Джейн Айрес (АҚШ) «сезімдерді әрі қарай пайдалану үшін ұйымдастыру» деп сипаттады, бұл дұрыс мінез-құлықты, сыртқы оқиғаларға реакцияны, сондай-ақ оқу процесін қалыптастыру үшін қажет деп, сенсорлық интеграцияның келесі сипаттамасын береді [2]:

1) бейсаналық процесс ретінде; 2) сезім мүшелерінің көмегімен алынған ақпаратты өңдейді; 3) тәжірибелік сезімдерге аналитикалық мән береді; 4) зейіннің шоғырлануын қалыптастырады; 5) әртүрлі жағдайларға мағыналы әрекет етуге және жауап беруге мүмкіндік береді немесе адаптивті жауап беруі; 6) когнитивті және әлеуметтік дамуды қамтамасыз ету үшін базаны қалыптастырады.

Яғни, сенсорлық интеграция - бұл барлық сезімдердің өзара әрекеттесуі. Бұл адамның белгілі бір ынталандыруларға барабар жауап беруі және жағдайға сәйкес әрекет етуі үшін сезімдер мен тітіркендіргіштерді реттеуді білдіреді.

Н.В. Седова, О.Ю. Царапкина, М.К. Шувалова мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық интеграциясының бұзылуының белгілерін сипаттап, терапия мен ойын ретінде қызмет ететін сенсорлық ойындарды ұсынды [3].

Сенсорлық интеграция теориясы негізінде ғалымдар А.Н. Сакаева, В.В. Боброва, Т.К. Сагадиева аутизм спектрінің бұзылуы (ASD) бар балалардың сенсорлық қажеттілігін едәуір жақсартатын түзету - дамыту жұмыстарының түрлерін ұсынған [4].

Ал, Анита Банди, Шелли Лейн, Элизабет Мюррей бойынша сенсорлық интеграциялық әдістің жалпы мақсаты – процестің өту барысында күрделі бейімделу реакцияларына әкелетін әрекеттер арқылы сезілген тітіркендіргіштерді тіркеу және өңдеу процестерін қалыпқа келтіру бағытында негізгі сенсорлық жүйелерді ынталандыру болып саналады [5].

Сенсорлық жүйе арқылы берілетін ақпаратқа негізделген және баланың әрбір әрекеті, қозғалысы сенсорлық сезімнің көзі болады. Баланың әрекеті неғұрлым маңызды болса, соғұрлым ол сенсорлық ынталандыруды қажет етеді. Мұнда үш негізгі жүйе үлкен рөл атқарады: вестибулярлық, проприоцептивті және тактильді.

Вестибулярлық жүйе дененің қозғалысын, тепе-теңдігін және кеңістіктегі орнын сезуге жауапты. Ол ішкі құлақта орналасқан вестибулярлық орган арқылы жұмыс істейді. Бұл жүйе дененің белгілі бір қозғалыстағы жағдайын бақылап, миға ақпарат жібереді, нәтижесінде тепе-теңдікті сақтау мүмкіндігі пайда болады. Функциясы - қозғалыс бағыты, жылдамдығы мен дененің тепе-теңдігі туралы ақпаратты өңдеу болып, бұл жүйе адамның жүріс-тұрысын және қозғалысын үйлестіреді.

Проприоцептивті жүйе - бұл дененің өзіне қатысты орналасуын және қозғалысын сезу қабілеті. Бұл жүйе дененің буындары, бұлшықеттері, сіңірлері мен терісіндегі рецепторлар арқылы ақпаратты миға жеткізеді. Проприоцептивті жүйе дененің кеңістіктегі жағдайын бақылап, адамның қозғалысын үйлестіруге ықпал етеді. Функциясы - дененің қозғалыс дәрежесі мен орнын анықтау. Бұл жүйе адамның өз денесін дұрыс сезінуіне, қозғалысты дәл орындауына және үйлестіруіне көмектеседі.

Тактильді немесе терінің сенсорлық жүйесі - бұл дененің сыртқы реакцияны тері арқылы сезілетін әртүрлі стимулдарға жауап беретін жүйе. Терідегі сезімтал рецепторлар, оның ішінде қысым, салмақ, температура, ауырсыну сезімдері арқылы ақпарат миға түсіп сыртқы стимулдарды сезінуге мүмкіндік береді. Функциясы - сыртқы ортадан келген сезімдерді - қысым, температура, ауырсыну, салмақты стимулдарды қабылдау, сонымен қатар дененің сыртқы бетінің жағдайын бақылау. Бұл жүйе адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін және қорғаныс механизмдерін іске қосуға көмектеседі.

Балалардағы сенсорлық дисфункция мәселесі соңғы жылдары нейропсихология, даму және жасерекшелік психологиясы, түзету педагогикасы мен психологиясы саласындағы мамандардың ортақ зерттеу мәселесі болып отыр.

Сенсорлық интеграцияның бұзылуы баланың мінез-құлқына, қарым-қатынас дағдыларына, танымдық және эмоционалдық дамуына теріс әсер ететінін, сондай-ақ білім беру ортасындағы әлеуметтену мен бейімделу процестерін қиындататынын дәлелдейді.

Инклюзивті білім беру ортасы баладан сенсомоторлы және әлеуметтік-эмоционалды құзыреттіліктің жоғары деңгейін талап ететінін ескере отырып, сенсорлық интеграция әдісі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ажырамас бөлігіне айналады. Оны қолдану сенсорлық қиындықтарды жеңіп қана қоймай, сонымен қатар оқу мотивациясын арттыруға, мазасыздық, агрессия, аутоstimуляция деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді, бұл оны қазіргі заманғы инклюзивті тәжірибе аясында ерекше маңызды етеді.

Инклюзивті ортадағы сенсорлық интеграция әдісінің практикалық маңыздылығы инклюзия жағдайында бірқатар мәселелерді шешуге ықпал етеді, атап айтқанда:

- Білім беру ортасына бейімделуі. Сенсорлық интеграция гипер - немесе гипореактивтілікті төмендетеді, бұл мектеп ортасын қабылдауды жеңілдетеді.

- Өзін-өзі реттеу мен эмоционалды бақылауды дамыту. Эмоцияны басқару, стрессті азайту қабілеті жақсарады.

- Табысты әлеуметтенудің алғышарттарын қалыптастыру. Әлеуметтік ортадан өзін аулақ ұстауы, оқшаулану мінез-құлқының деңгейі төмендейді, өзіне деген сенімділік қалыптасады.

- Оқу мотивациясы мен қатысуын арттыру. Балалардың зейінін шоғырландыру, бірлескен топтық әрекеттер мен іс-шараларға қатысу қабілеті жақсарады.

Сенсорлық интеграция теориясына сәйкес, оқыту - бұл мидың қызметі, ал оқудағы қиындықтар жүйке жүйесінің жұмысындағы ауытқуларды көрсетеді. Оқуда қиындықтары бар балаларда моторлық және сенсорлық проблемалар бар. Бұл жағдайда сезімтал ақпаратты қабылдау және біріктіру қиын. Олар сенсорлық тітіркендіргіштерді біріктіре алмайды, бұл мінез-құлық пен оқу проблемаларын тудырады. Бұл жағдай «сенсорлық интеграцияның бұзылуы» ретінде анықталады.

Төмендегі 1-кесте арқылы сенсорлық интеграциялық бұзылыстардың негізгі түрлері мен олардың белгілерін ұсынамыз:

Кесте 1

Сенсорлық интеграциялық бұзылыстардың негізгі түрлері мен олардың белгілері

Сенсорлық интеграциялық бұзылыс	Сипаттама	Мүмкін болатын белгілер мен симптомдар
Сенсорлық гиперреактивтілік (қабылдаудың артық сезімталдығы)	Бұл жағдайда адам сыртқы стимулдарға, әсіресе жеңіл немесе әлсіз стимулдарға тым сезімтал болады.	- Шудың немесе жарықтың өте қатты әсер етуі - Теріге тиген кезде ыңғайсыздық - Адамдарға жақындаудан қашу, көп адамдардың арасында болу қиындықтары

Сенсорлық гипорреактивтілік (қабылдаудың аз сезімталдығы)	Адам белгілі бір стимулдарға жеткілікті жауап бермейді немесе оларды сезбейді.	- Дене қозғалыстарының бақылаусыз болуы - Денедегі ауырсынуды немесе температураны сезбеу - Қозғалысқа немесе қоршаған ортаға жауап бермеу
Сенсорлық ізденіс (сезімдерді іздеу)	Адам түрлі сенсорлық стимулдарға бейімделуге тырысады және оларды жиі іздейді. Бұл әдетте қауіпті әрекеттерге әкелуі мүмкін.	- Жиі қозғалыс, айналу немесе дірілдеу - Қатты шу мен жарыққа қызығушылық таныту - Қатерлі әрекеттерге қатысу (мысалы, денені қатты ұру, шымшу және т.б.)
Тактильді гиперсезімталдық	Теріде қабылданатын сезімдерге тым күшті жауап беру. Адам түрлі сезімдерге өте сезімтал болуы мүмкін.	- Киінуге немесе жууынуға наразылық көрсету - Жеңіл қозғалыстарға қарсы күресу (мысалы, қол тигізгенде қашу) - Жұмсақ, жылы немесе қатты материалдарды ұнатпау
Вестибулярлық гиперсезімталдық	Тым көп қозғалыс немесе баланс жоғалуы туралы сезімдерге жауап беру. Бұл жүйе тұрақсыздықты немесе қорқыныш сезімін тудырады.	- Бір орында тұрақтамау, айналуы немесе құлауы мүмкін деген сезімдер - Дөңгелек қозғалыстарға (мысалы, шеңберлерге) немесе жоғарыға көтерілуге деген қорқыныш
Проприоцептивті гиперсезімталдық	Дене орналасуы туралы ақпаратқа тым сезімтал болу. Бұл қозғалыстардың қатты бақылауына және дененің ауырсынуына әкелуі мүмкін.	- Қатты қысым немесе дене ауырсынуынан қашу - Денені ұстауы мен қозғалыстарды басқаруда қиындықтар
Сенсорлық ассоциациялардың бұзылуы	Бұл бұзылыс әртүрлі сенсорлық ақпараттың дұрыс бірігуін бұзады, нәтижесінде мида тиісті әрекет қалыптаспайды.	- Қимыл мен қозғалысты үйлестіру қиындықтары - Әр түрлі сезімдерді біріктіре алмау (мысалы, визуалды және қозғалыстық ақпаратты дұрыс түсінбеу)

Психолог маманына сенсорлық интеграция әдісін қолдану бойынша бірқатар құзыреттерді меңгеруі маңызды: теориялық дайындық, диагностикалық құзыреттілік, түзету-дамыту әдістері бойынша құзыреттер, кеңес беру мен ағартушылық құзыретті, пәнаралық өзара іс-қимыл мен этикалық және кәсіби жауапкершілік құзыреттері.

Сенсорлық интеграция әдістемесін қолданудағы құзыреттеріне түзету шараларын тиімді диагностикалау, жоспарлау және жүзеге асыру жатады, ол үшін психолог және құзыретті мамандар үшін теориялық білімді де, практикалық дағдыларды да меңгеріп осы әдістің қолданылуына қолайлы жағдайлар тудыру үшін бірқатар мәселелерді шешу тұр.

Сенсорлық интеграция тәсілі - бұл оқыту проблемаларына қатысты басқа тәсілдерден айырмашылығы, бұл тәсіл белгілі бір дағдыларды арнайы қолданбайды. Бұл тәсіл ми функцияларын автоматты түрде қолдана отырып, түсінуді, қабылдауды және моторды жоспарлауды жақсартуға бағытталған.

Сенсорлық процестердің қалыпты дамуын анықтайтын диагностикалық құралдар ретінде - сенсорлық интеграция сұрақнамасы (SIPT), сенсорлық сауалнама (SSQ), вестибулярлық функцияны бағалау (VQ), тактильді сезімталдық шкаласы, сенсорлық процестерді бағалау тесті (SPM), бала психомоторикасының бағалау тесті, балаға арналған есту тесті, көру қабілетін бағалау тесті, Монтессори сенсорлық ойындар тәрізді әдістерді пайдалануға болады.

Осы әдістердің ішінде Susanne Smith Roley, Zoe Mailloux, L. Diane Parham, Roseann C. Schaaf, Christianne Joy Lane, Sharon Cermak ұсынған сенсорлық интеграция сұрақнамасы (SIPT) бойынша балалардың сенсорлық жүйелерінің жұмысын бағалау әдісі болып табылады [6].

Бұл сұрақтар балалардың түрлі сенсорлық жүйелеріне - тактильді, вестибулярлы, проприоцептивті, көру, есту және қозғалыс сияқты аспектілеріне байланысты талданады. Мұндай сұрақтар негізінен баланың стимулдарға қалай жауап беретінін, оның қоршаған ортаны қалай қабылдайтынын анықтауға бағытталған. SIPT сұрақнамасындағы сұрақтар жалпы түрдегі мазмұны келесідей:

1. Тактильді сезімдер (тері сезімдері мен жанасу);
2. Вестибулярлық жүйе (тепе-теңдік пен қозғалыс);
3. Проприоцептивті жүйе (дененің қозғалысы мен қимылдардың орындалуы);
4. Көру жүйесі;
5. Есту жүйесі;
6. Координация мен қозғалыс;
7. Жалпы мінез-құлықтық сұрақтар.

SIPT сұрақнамасын тек кәсіби дайындық пен тәжірибесі бар психолог немесе дефектологтар ғана жүргізуі керек екені ескеріледі. Оған қоса интерпретацияның дұрыстығы маңызды. Сенсорлық интеграция сұрақнамасының нәтижелерін дұрыс интерпретациялау үшін сұрақнаманы кәсіби білімге ие психолог немесе кәсіби біліктілігі бар арнайы мамандар жүргізуі қажет.

Сенсорлық интеграция мәселесімен айналысатын мамандардың қызмет мазмұны келесі 2-кестеге сәйкес түсіндіріледі.

Кесте 2

Сенсорлық интеграция мәселесімен айналысатын мамандардың қызмет мазмұны

Мамандар	Жұмыс мазмұны
Оккупациялық терапевт (occupational therapist), инструктор	Сенсорлық интеграция жаттығулары мен ойындарды әзірлейді, балалар мен ересектерге сенсорлық өңдеуді жақсартуға арналған жаттығуларды жүргізеді, моторика мен сенсорлық қабылдауды дамытады.
Психолог	Клиент (пациенттердің) психоэмоционалды жағдайын бағалайды, сенсорлық қабылдауға қатысты сезімталдықты

	реттеуге арналған психологиялық қолдау көрсетеді, стрессті басқару дағдыларын дамытуға және әрекетті дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.
Невролог	Сенсорлық өңдеуде неврологиялық бұзылыстарды анықтайды, емдеу жолдарын ұсынады, жүйке жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін медициналық араласуды жүргізеді.
Дефектолог	Балалардың сенсорлық және когнитивті дамуындағы ауытқуларды түзетуге бағытталған бағдарламаларды әзірлейді, жеке түзету жоспарын ұсынады, дамуында кешігуі бар балаларға арнайы көмек көрсетеді.
Логопед	Сенсорлық интеграцияны жақсартатын тілдік және сөйлеу дағдыларын дамытады, тілдік кешігулер мен сөйлеу қиындықтарын түзетеді.
Физиотерапевт	Қозғалыс қабілетін арттыру үшін жаттығулар мен терапиялық әдістерді қолданады, дене қимылдары мен сенсорлық үйлесімділікті жақсартуға арналған физикалық жаттығулар жүргізеді.
Реабилитолог	Сенсорлық интеграция бұзылыстарын түзету үшін көпқұрамды терапия жүргізеді, функционалдық кедергілерді жоюға арналған қолдау және реабилитация бағдарламаларын жүзеге ұсынады.

Жоғарыдағы кестедегі мазмұнды ескере отырып, сенсорлық ынталандыруда әрдайым сенсорлық стратегияларды қолдануды, баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес жоспарлауды және тиісті сенсорлық диета таңдау көзделеді. Әр бала әртүрлі сенсорлық сипаттамаларды көрсетеді, сондықтан олар бір-бірінен ерекшеленген психотерапияның әртүрлі оңалту жоспарларын қамтиды. Үй жағдайында емдеуді тиімді жалғастыру үшін отбасы мүшелері арнайы семинарда оқытылады. Үй, мектеп және ойын ортасы баланың сенсорлық сипаттамаларына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдарының қазіргі желісі инклюзивті білім беру қажеттіліктеріне толық жауап бермейді, нақтылап айтсақ:

- Педагогикалық-медициналық-психологиялық тексерудің (ПМПТ) шамадан тыс жүктелуі және ЕББҚ бар балалардың қажеттіліктерін бағалау мүмкіндіктерінің жоқтығы.

- Білім беру мекемесінде оқу ортасы, ұйымдардың материалдық-техникалық базасы және цифрлық инфрақұрылымы барлық оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін толық қамтылмағын.

Жалпы айтқанда сенсорлық интеграция әдісін психологиялық сүйемелдеуде қолдану барысында сапаға мән беру қажеттілігі басымдылық танытуда, оның ішінде келесі мәселелерге назар аудару керек:

- ЕББҚ бар балаларға арналған жеке бағдарламалар дағдыларды дамытуға емес, білімді дамытуға бағытталған.

- ЕББҚ бар балалардан басқа оқшаулану қаупі бар өзге де осал балалар топтарымен жұмыс істеудің жеке тәсілдері жоқ.

- қазақ тіліндегі материалдар мен әдістемелік құралдар жеткіліксіз.

- кәсіби арнайы мамандардың дайындығы көбінесе жеткілікті деңгейде емес.

- ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеу бойынша мұғалімдерге қойылатын қатаң әдістемелік талаптар.

- скрининг сапасы төмен, ЖХК (жұмыстың халықаралық классификациясы) іске асырылмаған және тәжірибеге енбеген.

Демек, инклюзивті білім беру моделінде психологиялық қолдау тәжірибесіне сенсорлық интеграция әдісін енгізу маңызды және өзекті міндет болып табылады. Бұл дамуы қалыпты және ЕББҚ бар балалар үшін білім беру процесінің сапасын арттырып қана қоймай, барлық қатысушылар үшін неғұрлым инклюзивті және қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Сенсорлық интеграция әдістемесі пәнаралық тәсілді және психологтардың, мұғалімдердің, логопедтердің, дефектологтар сондай-ақ ата-аналардың тығыз байланысын қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. О сенсорной интеграции // <https://sensoryworld.ru/sensory-integration/> Importance of Sensory Integration// https://www.youtube.com/watch?v=1_Iuj8dr9oY

2. Айрес, Э. Дж. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития / Э. Дж. Айрес; [пер. с англ. Юлии Даре]. - М.: Теревинф, 2018. - 272 с.

3. Седова Н.В. Значение использования методов сенсорной интеграции в работе с детьми с речевыми нарушениями / Н.В. Седова, О.Ю. Царапкина, М.К. Шувалова. // Молодой ученый. - 2016. - № 9. - С. 408-410. <https://moluch.ru/archive/113/29087/>

4. Сакаева А.Н., Боброва В.В., Сагадиева Т.К. Использование приемов сенсорной интеграции в коррекционной работе с детьми с РАС. <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-priemov-sensornoy-integratsii-v-korreksionnoy-rabote-s-detmi-s-ras/viewer>

5. Анита Банди, Шелли Лейн, Элизабет Мюррей. Сенсорная интеграция теория и практика. Перевод с английского Д.В. Ермолаев Е.М. Мельникова (14–17 главы), научное редактирование Д.В. Ермолаев. Второе издание. – Москва: Теревинф. -2018. - 60с.

6. Сенсорная интеграция и паттерны праксиса у детей с аутизмом // https://www.sensint.ru/sites/default/files/sensornaya_integraciya_i_patterny_praksisa_u_dete_y_s_autizmom.pdf/ Roley, S. S., Mailloux, Z., Parham, L. D., Schaaf, R. C., Lane, C. J., & Cermak, S. (2015). Sensory integration and praxis patterns in children with autism. American Journal of Occupational Therapy, 69, 6901220010. <http://dx.doi.org/10.5014/ajot.2015.012476>